

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетудің 2026 – 2028 жылдарға арналған кепілдіктер бағдарламасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 9 қазандағы № 840 қаулысы

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 195-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетудің 2026 – 2028 жылдарға арналған кепілдіктер бағдарламасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне жүктелсін.

3. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 9 қазандағы
№ 840 қаулысымен
бекітілген

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетудің 2026 – 2028 жылдарға арналған кепілдіктер бағдарламасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетудің 2026 – 2028 жылдарға арналған кепілдіктер бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі 195-бабының екінші бөлігіне, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң), денсаулық сақтау саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Бағдарлама тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМҚКК) шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде (бұдан әрі – МӘМС) медициналық көмек ұсыну түрлерінің, нысандары мен шарттарының тізбесін, медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу және оған ақы төлеу тәртібін, қаржыландыру көздерін, медициналық көмектің қолжетімділік өлшемшарттарын қамтиды.

2-тарау. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық көмек ұсыну түрлерінің, нысандары мен шарттарының тізбесі

3. ТМҚКК Қазақстан Республикасының азаматтарына, қандастарға, босқындарға, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға бюджет қаражаты есебінен ұсынылады, оған тиімділігі барынша дәлелденген профилактикалық, диагностикалық және емдік медициналық көрсетілетін қызметтер, сондай-ақ дәрімен қамтамасыз ету кіреді.

1-бөлім. Жедел медициналық жәрдем

4. Жедел медициналық жәрдем жіті аурулар кезінде және өміріне қауіп төнген халдегі адамдарға, сондай-ақ оқиға болған жерде және (немесе) медициналық ұйымға барар жолда денсаулыққа елеулі зиян келуін болғызбау үшін шұғыл және кезек күттірмейтін нысанда көрсетіледі.

Денсаулығы нашарлаған кезде азаматтар жедел медициналық көмек шақыру үшін "103" нөміріне жүгінеді. Шақыртуды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жедел медициналық жәрдем станцияларының (бұдан әрі – ЖМЖС) диспетчері қабылдайды.

ЖМЖС диспетчері қабылдаған шақыртулар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығымен бекітілген Жедел медициналық жәрдем, оның ішінде медициналық авиацияны тарта отырып көрсету қағидаларына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21713 болып тіркелген) сәйкес шақыртудың себебіне қарай 4 (төрт) жеделдік санатына бөлінеді.

Шақырту жеделдігіне қарай жету ұзақтығы бірінші санат бойынша 10 минуттан, екінші санат – 15 минуттан, үшінші санат – 30 минуттан аспауға тиіс.

Бірінші, екінші, үшінші жеделдік санатындағы шақыртуларға ЖМЖС фельдшерлік және мамандандырылған (дәрігерлік) бригадалары қызмет көрсетеді.

Төртінші жеделділік санатындағы шақыртуларға медициналық-санитариялық алғашқы көмек (бұдан әрі – МСАК) ұйымы деңгейіндегі фельдшерлік бригадалар

МСАК жұмыс уақытында 8.00-ден 20.00-ға дейін, ал кешкі 20.00-ден таңғы 08.00-ге дейін және демалыс, мереке күндері жедел медициналық көмек станцияларының фельдшерлік бригадалары қызмет көрсетеді.

5. Медициналық авиация нысанында медициналық көмек көрсету № ҚР ДСМ-225/2020 бұйрығында көзделген негіздер болған кезде білікті бейінді маманды межелі жерге жеткізу не пациентті облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың медициналық ұйымдарына тасымалдау жолымен жүзеге асырылады.

2-бөлім. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек

6. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек халықтың мұқтажына бағдарланған медициналық көмекті алғаш алатын жер болып табылады, ол адам, отбасы және қоғам деңгейінде аурулардың және денсаулық жағдайының профилактикасын, диагностикасын, оларды емдеуді қамтиды.

МСАК -қа:

- 1) анағұрлым көп таралған ауруларды диагностикалау, емдеу және басқару;
- 2) халықтың нысаналы топтарын (балалар, ересектер) профилактикалық қарап-тексеру;
- 3) сырқаттану қаупінің мінез-құлық факторларын ерте анықтау, мониторингілеу, анықталған қауіп факторларын төмендету дағдыларын үйрету;
- 4) иммундау;
- 5) саламатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау;
- 6) репродуктивтік денсаулықты сақтау жөніндегі іс-шаралар;
- 7) жүкті әйелдерді және босанғаннан кейінгі кезеңде босанған әйелдерді бақылау;
- 8) инфекциялық аурулар ошақтарындағы санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар кіреді.

7. МСАК жалпы практика дәрігерлері (отбасылық дәрігерлер), учаскелік терапевтер, педиатрлар, фельдшерлер, акушерлер, кеңейтілген практика (жалпы практика) мейіргерлері, учаскелік мейіргерлер, әлеуметтік жұмыскерлер, денсаулық сақтау саласындағы психологтар көрсетеді.

МСАК деңгейінде қызмет алу үшін тұрғылықты жері бойынша денсаулық сақтау ұйымына тіркелуі қажетті шарт болып табылады шұғыл жағдайларда жүгінгенде бұл шарт қолданылмайды.

Жан басына шаққандағы кешенді норматив шеңберінде МСАК мамандарының қызметтері "Қазақстан Республикасында медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 30 наурыздағы № 49 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32160 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 49 бұйрық), "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 (нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24094 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-90 бұйрығы) бұйрықтарына сәйкес көрсетіледі.

8. МСАК шұғыл, кезек күттірмейтін және жоспарлы нысанда ұсынылады.

9. Пациент МСАК ұйымына алғаш жүгінген кезде дәрігерге дейінгі және қарау кабинеттеріне (әйелдер, ерлер) мынадай мақсатта жіберіледі:

1) профилактика;

2) ауруларды ерте анықтау және өршуін болғызбау;

3) денсаулық үшін қауіп факторларын анықтау (темекі шегу, алкогольді шамадан тыс тұтыну, дене қимылының төмен белсенділігі, артық салмақ және семіздік).

10. Дәрігерге дейінгі кабинетте мейіргер ісінің маманы № 49 бұйрыққа сәйкес емшаралар және манипуляциялар жүргізеді.

11. Көрсетілімдер болған кезде мейіргер ісінің маманы пациентті МСАК дәрігеріне, психологқа, әлеуметтік қызметкерге, саламатты өмір салты кабинетіне, денсаулық мектебіне консультация алу үшін жібереді.

12. Қарау кабинетінде мейіргер ісінің маманы № 49 бұйрыққа сәйкес емшаралар және манипуляциялар жүргізеді.

13. Ауруларды ерте анықтау мақсатында "Скринингтік зерттеулерге жататын адамдардың нысаналы топтарын, сондай-ақ осы қарап-тексерулерді өткізудің қағидаларын, көлемі мен кезеңділігін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына сәйкес (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21572 болып тіркелген) нысаналы топтарға скринингтік зерттеулер жүргізіледі.

Артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, глаукоманы, қант диабетін, В және С гепатитін және басқасын ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүзеге асырылады.

Онкологиялық ауруларды (жатыр мойнының қатерлі ісігі, сүт безінің қатерлі ісігі, колоректальды қатерлі ісік) ерте анықтауға арналған скринингтік зерттеулер тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде жүзеге асырылады.

14. Халықты иммундау "Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде оларға қарсы міндетті профилактикалық екпелер жүргізілетін аурулардың тізбесін, екпелерді жүргізу қағидаларын, мерзімдерін және халықтың профилактикалық екпелерге жататын топтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 612 қаулысымен белгіленген мерзімдерде тіркелген жерінде міндетті профилактикалық екпелер салу арқылы жүргізіледі.

15. Репродуктивті денсаулықты сақтау жөніндегі іс-шаралар "Қазақстан Республикасында акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің

2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24131 болып тіркелген) сәйкес амбулаториялық жағдайда акушерлік-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

16. МСАК қызметтерін үйде көрсету:

1) жүріп-тұруының шектелуіне байланысты жағдайы ауыр пациенттер бойынша стационардан (шығару), жедел медициналық жәрдем станциясынан ақпарат (активтер) берілгенде;

2) жүкті және босанған әйелдер белгіленген күннен кейін 3 күн бойы қабылдауға келмегенде;

3) акушерлік–гинекологиялық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарынан түскен мәліметтер бойынша қызмет көрсетілетін аумаққа босанған әйел келгенде оның тіркелу мәртебесіне қарамастан;

4) вакцинациядан бас тартқан адамдарды қоса алғанда, инфекциялық ауру эпидемиясының туындау қаупі болғанда немесе әр ауланы аралап шығу жолымен инфекцияға шалдыққан науқастар, олармен қарым-қатынаста болған адамдар және инфекциялық ауруға күдікті адамдар анықталған жүзеге асырылады.

17. Пациенттерге бірінші деңгейде кезек күттірмейтін нысандағы медициналық көмек:

1) өмірге қауіп төндіретін айқын белгілері болмаса да, жіті аурулар немесе созылмалы аурулардың өршуі;

2) терінің және тері астындағы тіндердің жіті қабынуы және аллергиялық аурулары;

3) жеңіл жарақаттар кезінде жүзеге асырылады.

18. Мобильді бригаданың пациентке шығуы мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

1) өз бетінше жүріп-тұру қабілеті шектелген кезде үйге шақыртуға қызмет көрсету медициналық көмекті және үйде консультация беруді талап еткенде;

2) шақырту кезінде 3 жасқа дейінгі балалардың дене температурасы 38°C жоғары көтерілген кезде үйге активпен барғанда;

3) тәулік бойғы стационардан шығарылғаннан кейін динамикалық байқауда тұрған, жағдайы өз бетінше келуге мүмкіндік бермейтін пациенттерге қызмет көрсеткенде;

4) МСАК ұйымдарының жұмыс уақытында (сағат 8.00-ден 20.00-ге дейін) жедел медициналық жәрдемнен ауыстырылған 4-санаттағы шұғыл шақыртуларға немесе қоңырау шалу арқылы немесе ұйымдардың call-орталығының операторы арқылы пациенттен түскен шақыртуларға қызмет көрсеткенде;

5) жағдайы айналасындағыларға қауіп төндіргенде (инфекциялық ауруларға шалдыққандармен қарым-қатынас, денеде бөртпенің пайда болуы, инкубациялық кезең аяқталғанға дейінгі инфекциялық аурулар).

19. Бастапқы және екінші деңгейдегі МСАК ұйымдары ТМККК шеңберінде пациенттерді динамикалық байқауда ұстауды "Әлеуметтік мәні бар аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-108/2020 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21263 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығы) сәйкес әлеуметтік маңызы бар аурулар тізбесі бойынша жүзеге асырады.

Әлеуметтік маңызы бар аурулармен ауыратын пациенттерді динамикалық байқауда ұстауды МСАК мамандары "Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру, байқаудың мерзімділігі мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы № ҚР ДСМ-149/2020 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21513 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығы) сәйкес кезеңділікпен, дүркінділікпен және байқауда ұстау мерзімімен жүргізеді.

20. МСАК ұйымдары стационарға жоспарлы емдеуге жатқызуға көрсетілімдер болған кезде "Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР – ДСМ-27 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27218 болып тіркелген) бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР-ДСМ-27 бұйрығы) сәйкес пациентке клиникалық-диагностикалық зерттеу жүргізеді.

Пациентті кеңінен қосымша тексеріп-қарау емдеуге жатқызылғаннан кейін стационарда жүргізіледі.

21. Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары бар (жай-күйдегі) азаматтарының жекелеген санаттарын дәрімен тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз ету "Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-75 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-75 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23885 болып тіркелген) сәйкес тізбе бойынша амбулаториялық жағдайларда жүзеге асырылады.

22. МСАК 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына сәйкес әлеуметтік маңызы бар аурулардың профилактикасы, диагностикаласы және оларды емдеу, нысаналы топтарды скринингтік зерттеу бойынша қызмет көрсеткен кезде және 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес медициналық көмекке алғаш жүгінген кезде жүзеге асырылады.

3-бөлім. Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек

23. Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек шұғыл, кезек күттірмейтін және жоспарлы нысандарда көрсетіледі.

24. ТМҚКК шеңберінде амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке:

1) әлеуметтік маңызды бар аурулар кезіндегі диагностика және емдеу;

2) жарақат алғанда, уланғанда немесе кезек күттірмейтін басқа жағдайларда көрсетілетін қызметтер, оның ішінде МӘМС жүйесіндегі көрсетілетін қызметтердің тұтынушылары болып табылмайтын адамдар үшін елдегі эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына әкелетін аурулар кезінде және сондай ауруларға күдік туындаған жағдайларда "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 сәуірдегі № ҚР ДСМ-37 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-37 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27833 болып тіркелген) сәйкес мобильді бригада көрсететін қызметтер;

3) № ҚР ДСМ-174/2020 бұйрығына сәйкес нысаналы топтарды скринингтік зерттеу кіреді.

25. Бірінші және екінші деңгейлердегі мамандардың жолдамасы болмағанда амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезек күттірмейтін жағдайларда және жарақат алғанда жүзеге асырылады.

26. Бірінші және екінші деңгейдегі МСАК ұйымдары № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығына сәйкес әлеуметтік маңызы бар аурулары бар пациенттерді динамикалық байқауда ұстауды жүзеге асырады.

27. Әлеуметтік мәні бар аурулары бар пациенттерді динамикалық байқауда ұстауды бейінді мамандар № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына сәйкес кезеңділікпен, дүркінділікпен және байқауда ұстау мерзімділігімен жүргізіледі.

4-бөлім. Стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек

28. Стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек тәулік бойы медициналық байқауда ұстау мен емдеуді қажет етпейтін жағдайларда көрсетіледі, күндізгі уақытта төсек-орын беріп, медициналық байқауда ұстау мен емдеуді көздейді.

29. Стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек № ҚР ДСМ-108/2020 бұйрығына сәйкес тізбе бойынша әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде көрсетіледі.

30. Пациентті стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек алуға жіберу және емдеуге жатқызу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартына (бұдан әрі – № 106 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32740 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

31. Стационарды алмастыратын жағдайлардағы медициналық көмек № 106 бұйрыққа сәйкес медициналық көмектің (бірінші, екінші, үшінші) деңгейлері бойынша жоспарлы нысанда көрсетіледі.

5-бөлім. Стационарлық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек

32. Стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек тәулік бойы медициналық байқауда ұстауды, емдеуді, күтімді, сондай-ақ тамақтандырумен бірге төсек-орын ұсынуды көздейді, бұған емдеу басталғаннан кейінгі алғашқы тәуліктерде тәулік бойы байқауда ұстауды көздейтін "бір күндік" терапия және хирургия жағдайлары да кіреді.

33. Стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технология қолданылатын медициналық көмек:

1) айналадағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік аурумен ауыратын науқаспен қарым-қатынаста болған адамдарды, сондай-ақ бактерия таратушыларды, вирус таратушыларды және айналадағыларға қауіп төндіретін инфекциялық немесе паразиттік ауруға күдікті адамдарды оқшаулаған кезде;

2) "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде емдеу кезінде стационарлық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек көрсетілетін инфекциялық, паразиттік аурулар және айналадағыларға қауіп төндіретін аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-162/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21537 болып тіркелген) сәйкес АХЖ-10 аурулар тізбесі бойынша инфекциялық, паразиттік ауруларды және айналадағыларға қауіп төндіретін ауруларды емдеген кезде;

3) № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес МСАК ұйымының және (немесе) денсаулық сақтау ұйымының жолдамасы бойынша жоспарлы нысанда;

4) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін қызметтерді тұтынушы болып табылмайтын адамдар үшін шұғыл нысанда көрсетіледі, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын тізбе бойынша тәулік бойғы стационар

жағдайында емдеуді талап етпейтін диагноз белгіленгенге дейін тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізіледі.

34. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап осы Бағдарламаның 34-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген шұғыл нысандағы мамандандырылған медициналық көмек МӘМС жүйесінде қызметтерді тұтынушылар болып табылмайтын адамдарға өмірге қауіп төндіретін жағдайлар кезінде ғана, сондай-ақ уәкілетті орган айқындайтын шұғыл емдеуге жатқызу үшін диагноздар мен жағдайлардың тізбесі бойынша көрсетіледі.

35. Тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімінде емдеу-диагностикалық іс-шаралар диагноз қойылғанға дейін жүргізіледі. Пациентті емдеуге жатқызу және тәулік бойғы стационар жағдайында байқауда ұстау қажет болмаған жағдайда пациент амбулаториялық емдеуге жіберіледі.

36. Шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру № ҚР ДСМ-27 бұйрығында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6-бөлім. Медициналық оңалту

37. Туа біткен аурулары бар адамдарды жіті жағдайдан, хирургиялық араласудан және жарақаттан, сондай-ақ олардың салдарынан кейін медициналық оңалту бірінші, екінші және үшінші деңгейдегі медициналық ұйымдардың амбулаториялық, стационарлық, стационарды алмастыратын жағдайларында негізгі ауруды емдеу кезінде көрсетіледі.

38. Медициналық оңалту "Медициналық оңалту көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 65 бұйрығына (бұдан әрі – № 65-бұйрық) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32263 болып тіркелген) сәйкес КХ бойынша негізгі ауруды емдеу шеңберінде асқынудың профилактикасы және функционалдық қалпына келтіруді жеделдету үшін жүргізіледі.

39. Тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық оңалту жіті жағдайдан, хирургиялық араласудан, жарақаттардан, сондай-ақ олардың салдарынан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 24 мамырдағы № ҚР ДСМ-47 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28202 болып тіркелген) бекітілген тізбеге сәйкес көрсетіледі.

40. Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, иммунобиологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі", қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз

ету қағидаларын, сондай-ақ Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға қажеттілікті қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы № ҚР ДСМ-89 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24069 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-89 бұйрығы) сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес жүзеге асырылады.

7-бөлім. Паллиативтік медициналық көмек

41. Паллиативтік көмек – ауыр және жазылмайтын ауруға шалдыққан (жағдайдағы) пациенттердің, сондай-ақ олардың отбасы мен күтім жасайтын адамдардың өмір сапасын арттыруға бағытталған, оның ішінде медициналық, арнаулы әлеуметтік қызметтер, рухани қолдауды қамтитын қызметтер кешені.

42. Паллиативтік медициналық көмек амбулаториялық, стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда "Паллиативтік медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 қарашадағы № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығына (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-209/2020 бұйрығы) (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21687 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі.

43. Паллиативтік медициналық көмек көрсеткен кезде пациенттерді және олардың отбасы мүшелерін хосписте (бөлімшеде) және үйде қолдау үшін әлеуметтік жұмыскер мен психолог лауазымдары көзделеді.

Әлеуметтік жұмыскер емдеуге жатқызуға жәрдемдесуді, пациенттерді медициналық ұйымдарға ертіп апаруды, пациенттің отбасы мүшелеріне күтім негіздерін үйретуді, медициналық-әлеуметтік тексеруді ұйымдастыруды және жүргізуді, әлеуметтік мәселелер бойынша консультация беруді жүзеге асырады.

Психолог әлеуметтік-психологиялық патронажды, пациенттерді және олардың бірге тұратын отбасы мүшелерін психологиялық қолдауды, жақын адамын қайтыс болған кезеңде қолдауды, шұғыл психологиялық көмекті жүзеге асырады.

44. Паллиативтік медициналық көмек аудандық, қалалық, облыстық деңгейлерде, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалаларда және астанада оны көрсетудің барлық кезеңдерінде: дәрігердің қабылдауында, күндізгі немесе тәулік бойғы стационарда, медицина жұмыскерлерін, мобильді бригадаларды шақырған кезде, медицина жұмыскерлерінің активті патронажы, үйде емдеуді ұйымдастыру кезінде сабақтастық және үздіксіз байқауда ұстау қағидаттары сақтала отырып көрсетіледі.

45. Жазылмайтын ауруға шалдыққан пациенттерге және олардың отбасы мүшелеріне қашықтан жеке психологиялық консультация беріледі, сондай-ақ медициналық ұйымның әлеуметтік жұмыскері консультация береді.

8-бөлім. Қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету

46. Қан препараттарымен және оның компоненттерімен қамтамасыз ету № ҚР ДСМ -140/2020 бұйрығына сәйкес стационарды алмастыратын және стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялық медициналық көмек көрсету кезінде медициналық көрсетілімдер болған кезде жүргізіледі.

9-бөлім. Патологиялық-анатомиялық диагностика

47. Патологиялық-анатомиялық диагностика пациенттердің хирургиялық операция және (немесе) биопсия жолымен алынған ағзаларындағы (ағзалардың фрагменттеріндегі), тіндері мен жасушаларындағы (операциялық-биопсиялық материалындағы), сондай-ақ патологиялық-анатомиялық ашып-қарау барысында мәйіттің тіндеріндегі, ағзалары мен жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау арқылы диагнозды анықтау мақсатында жүргізіледі.

48. Диагностикалық немесе емдік манипуляциялар (операциялар) кезінде алынған кез келген тін, эндоскопиялық биопсия, пункциялық қалың инелі биопсия, аспирациялық биопсия, трепанобиопсия, инцизиялық биопсия, операциялық биопсия, операциялық материал, қырынды, босанған және жүктілікті жасанды үзген кезде алынған тіндердің өздігінен бөлінген фрагменттері патологиялық-анатомиялық зерттеуге жатады.

49. Биопсиялық және операциялық материалды патологиялық-анатомиялық зерттеу мерзімдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-259/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21790 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуді ұйымдастыру стандартының 143-тармағында айқындалған.

10-бөлім. Қайтыс болғаннан кейінгі донорды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алуға дайындау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, консервациялау, дайындау, сақтау, тасымалдау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) донордан реципиентке транспланттау

50. Қайтыс болғаннан кейінгі донорды дайындау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, консервациялау мен транспланттаудың тәртібі мен шарттары "Ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу,

дайындау, сақтау, консервациялау, тасымалдау, донордан реципиентке трансплантаттау қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № ҚР ДСМ-207/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21683 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-207/2020 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

51. 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қайтыс болғаннан кейінгі донорды ағзаны (ағзаның бір бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бір бөлігін) алуға, консервациялауға және транспланттауға дайындау "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру және медициналық қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2025 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес МӘМС жүйесінде көрсетіледі.

11-бөлім. Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммунобиологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету

52. ТМККК шеңберінде дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммунобиологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету:

1) жедел жәрдем, стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, сондай-ақ жоғары технологиялы медициналық көмек көрсету кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес;

2) профилактикалық егу жүргізілетін аурулардың тізбесіне сәйкес алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсеткен кезде;

3) белгілі бір аурулары бар (жағдайдағы) Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес амбулаториялық жағдайларда алғашқы медициналық-санитариялық көмек және мамандандырылған медициналық көмек көрсеткен кезде жүзеге асырылады.

12-бөлім. Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) отандық медицина ұйымдарында емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту

53. Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) ТМККК шеңберінде отандық медициналық ұйымдарда емдеу жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № ҚР ДСМ-45 бұйрығымен бекітілген Тегін медициналық көмектің

кепілдік берілген көлемі шеңберінде Қазақстан Республикасының азаматтарын шетелге емделуге жіберу және (немесе) емдеуді отандық медициналық ұйымдарда жүргізу үшін шетелдік мамандарды тарту қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22866 болып тіркелген) (бұдан әрі – № ҚР ДСМ-45 бұйрығы) 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтары шетелге емделуге жіберілетін аурулар тізбесі;

2) № ҚР ДСМ-45 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасының шетелге емделуге жіберілетін азаматтарының жекелеген санаттарының тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

3-тарау. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсетудің түрлерінің, нысандары мен шарттарының тізбесі

54. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына (бұдан әрі – Қор) өзі үшін аударымдар және (немесе) жарналар төлеген, сондай-ақ Заңның 28-бабы 7-тармағына сәйкес Қорға жарна төлеуден босатылған адамдар МӘМС жүйесінде медициналық көмек алуға құқылы.

55. Мемлекеттің МӘМС-ке жарналары ағымдағы айдың алғашқы бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалатын тәртіппен ай сайын мынадай адамдар үшін төленеді:

- 1) балалар;
- 2) жұмыс істемейтін жүкті әйелдер;
- 3) Заңның 26-бабы 1-тармағының 5) тармақшасында көзделген адамдарды қоспағанда, үш жасқа толмаған бала (балалар) тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адам (баланың заңды өкілдерінің бірі);
- 4) жүктілігіне және босануына, жаңа туған бала (балалар) асырап алуына, үш жасқа толмаған бала (балалар) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар;
- 5) мүгедек бала (мүгедек балалар) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін мемлекеттік жәрдемақы алатын жұмыс істемейтін адамдар;
- 6) бірінші топтағы мүгедек адамға күтім жасауды жүзеге асыратын жұмыс істемейтін адамдар;
- 7) зейнетақы төлемдерін алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері;
- 8) қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде (қауіпсіздігі ең төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар;
- 9) тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар, сондай-ақ үй қамағына алу түріндегі бұлтартпау шарасы қолданылған жұмыс істемейтін адамдар;
- 10) жұмыс істемейтін қандастар;

11) "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар;

12) мүгедектігі бар адамдар;

13) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқып жатқан адамдар;

14) жұмыс істемейтін, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар;

15) субсидияланатын жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған немесе жұмыс берушідегі жұмыс орнында кәсіптік оқуға жіберілген адамдарды қоспағанда, жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар;

16) Заңның 26-бабы 1-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, соңғы үш ай бойы міндетті зейнетақы жарналарын аудармаған және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес әлеуметтік әл-ауқаттың дағдарысты және шұғыл деңгейлеріне жататын жұмыс істемейтін адамдар.

56. МӘМС жүйесінде:

1) амбулаториялық жағдайда мамандандырылған медициналық көмек (ТМККК шеңберінде аурулардың профилактикасы, диагностикасы және скринингтік зерттеулер жағдайларын қоспағанда);

2) стационарды алмастыратын жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда);

3) жоспарлы нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде бет сүйегі мен басының туа біткен анатомиялық кемістігі бар балаларға (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда) реконструктивтік, пластикалық хирургиялық операцияларды қоса алғанда, жоғары технологиялы медициналық көмек;

4) шұғыл нысанда стационарлық жағдайларда мамандандырылған көмек, оның ішінде тәулік бойғы стационар жағдайында емдеуді қажет етпейтін диагноз анықталғанға дейін тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шараларды жүргізу (ТМККК шеңберінде ауруларды емдеу жағдайларын қоспағанда);

5) медициналық оңалту (ТМККК қоспағанда);

6) патологиялық-анатомиялық диагностика;

7) қайтыс болғаннан кейінгі донорды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алуға дайындау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) транспланттау мақсатында ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алу, консервациялау, дайындау, сақтау, тасымалдау.

57. Денсаулық сақтау субъектілерінен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алуды Қор уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мына қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

- 1) МӘМС жүйесі кірісінің медициналық көмек көрсету жөніндегі міндеттемелермен теңгерімділігі;
- 2) МӘМС жүйесінде медициналық көмектің аумақтық қолжетімділігін қамтамасыз ету;
- 3) денсаулық сақтау субъектілерінің теңдігі;
- 4) адал бәсекелестік;
- 5) медициналық қызметтер көрсетудің сапасы мен тиімділігі.

1-бөлім. Амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек

58. МӘМС жүйесінде көрсетілетін амбулаториялық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмекке мыналар кіреді:

- 1) № ҚР ДСМ-264/2020 бұйрығына сәйкес тәртіппен және кезеңділікпен жүргізілетін балаларды профилактикалық медициналық қарап-тексеру (скринингтер);
- 2) бейінді мамандардың медициналық-санитариялық алғашқы көмек дәрігерлерінің жолдамасы бойынша пациенттерді қабылдауы, № ҚР ДСМ-37 бұйрығына сәйкес диагностикалық қызметтер.

Жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, гинекологиялық патологиясы бар әйелдерге амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек "Қазақстан Республикасында акушериялық-гинекологиялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 26 тамыздағы № ҚР ДСМ-92 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24131 болып тіркелген) (бұдан әрі - № ҚР ДСМ-92 бұйрық) сәйкес көрсетіледі.

Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың және жастардың репродуктивті және психикалық денсаулығын қорғау бойынша амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек "Он жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандардың репродуктивті және психикалық денсаулығын қорғау жөніндегі медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 12 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31762 болып тіркелген) сәйкес көрсетіледі;

3) бейінді мамандардың № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына сәйкес созылмалы аурулары бар адамдарды динамикалық байқауда ұстауы;

4) стоматологиялық көмек көрсету, атап айтқанда:

"Шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмекке жататын халықтың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-106/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21254 болып тіркелген) сәйкес халықтың жекелеген санаттары үшін шұғыл стоматологиялық көмек көрсету кезіндегі медициналық қызметтер;

№ ҚР ДСМ-37 бұйрығына сәйкес медициналық қызметтер тізбесі бойынша балаларға (ортодонтиялық және ортопедиялық көмектен басқа) және жүкті әйелдерге (ортодонтиялық және ортопедиялық қызметтен басқа) жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету кезіндегі медициналық қызметтер (ортодонтиялық көмек кезінде медициналық қызметтер № ҚР ДСМ-37 бұйрығына сәйкес медициналық қызметтер тізбесі бойынша жақ-бетінің туа біткен патологиясы бар балаларға көрсетіледі);

5) диагностикалық көрсетілетін қызметтер, оның ішінде "Зертханалық диагностика жүргізуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-257/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21768 болып тіркелген) сәйкес тізбе бойынша зертханалық диагностика;

6) уәкілетті орган "Амбулаториялық жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмекке енгізілген емшаралар мен манипуляциялар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 19 қазандағы № ҚР ДСМ-136/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21470 болып тіркелген) сәйкес айқындайтын тізбе бойынша рәсімдер мен манипуляциялар.

59. Бірінші және екінші деңгейдегі мамандардың жолдамасы болмаса да, амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету:

1) кезек күттірмейтін жағдайлар мен жарақаттар, оның ішінде офтальмологиялық, оториноларингологиялық және басқа да жарақаттар;

2) пациенттің шұғыл және жоспарлы стоматологиялық көмек көрсету жөнінде жүгінуі;

3) пациенттің дерматовенерологиялық бейіндегі аурулар бойынша бейінді маманға жүгінуі;

4) жүктілік бойынша есепке қою жағдайларын қоспағанда, пациенттің акушер-гинекологқа жүгінуі;

5) пациенттің жастар денсаулық орталықтарына жүгінуі (өздігінен жүгіну);

6) 1 (бір) аяқталған жағдай шеңберінде және (немесе) № ҚР ДСМ-149/2020 бұйрығына сәйкес динамикалық байқауда ұсталуға тиіс созылмалы аурулардың тізбесі бойынша пациенттің денсаулық сақтау ұйымындағы бейінді маманға және бейінді маманның мейіргеріне жүгінуі кезінде жүзеге асырылады.

60. МСАК ұйымдары 18 жасқа дейінгі балаларға денсаулық жағдайы туралы анықтамаларды (білім беру ұйымдары, спорт секциялары және басқалар) тегін беруді, сондай-ақ оқуға түсу және жұмысқа орналасу кезінде тіркелген жері бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық құжаттаманы алуды қамтамасыз етеді.

2-бөлім. Стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек

61. Мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде МӘМС жүйесінде стационарды алмастыратын жағдайдағы жоғары технологиялы медициналық көмек № 106 бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес АХЖ-10 кодтары бойынша аурулар тізбесі бойынша көрсетіледі.

3-бөлім. Стационарлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек

62. Стационарлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде МӘМС жүйесінде жоспарлы нысандағы жоғары технологиялы медициналық көмек № ҚР ДСМ-258/2020 бұйрығына сәйкес аурулар тізбесі бойынша көрсетіледі.

Мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек, ТМККК шеңберіндегі ауруларды қоспағанда, МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушы мәртебесі бар болса, стационарлық жағдайларда шұғыл нысанда көрсетіледі.

Тәулік бойғы стационардың қабылдау бөлімшесінде емдеу-диагностикалық іс-шаралар диагноз қойылғанға дейін жүргізіледі. Пациентті емдеуге жатқызу және тәулік бойғы стационар жағдайында байқауда ұстау қажет болмаған жағдайда пациент амбулаториялық емдеуге жіберіледі.

18 жасқа дейінгі балаларға, жүкті әйелдерге, босанған әйелдерге, 65 жастан асқан адамдарға стационарлық жағдайда көрсетілетін шұғыл түрдегі мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек көрсету АХЖ-10 кодтары бойынша тәулік бойы байқауда ұсталатын стационарда емделуге тиіс аурулардың тізбесіне қарамастан жүзеге асырылады.

63. Стационарлық жағдайдағы мамандандырылған медициналық көмек тәулік бойы байқауда ұстауды қажет ететін негізгі ауруды емдеуді қамтиды, соның ішінде:

1) № ҚР ДСМ-27 бұйрығына сәйкес АХЖ-9 кодтары бойынша операциялар мен манипуляциялар тізбесі бойынша операциялар және (немесе) операция алдында арнайы дайындап және реанимацияда қолдап операциялар және (немесе) манипуляциялар жүргізу;

2) амбулаториялық және стационарды алмастыратын жағдайда жүргізуге мүмкіндік болмағанда және (немесе) қарсы көрсетілімдер болған кезде арнайы алдын ала дайындықты талап ететін диагностикалық зерттеулерді жүргізу;

3) № ҚР ДСМ-140/2020 бұйрығына сәйкес қанмен, оның компоненттерімен қамтамасыз ету;

4) № ҚР ДСМ-89 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету ;

5) патологиялық-анатомиялық диагностика.

Операциялық емдеу АХЖ-10 негізгі диагнозының кодына байланысты жүзеге асырылады.

4-бөлім. Медициналық оңалту

64. МӘМС жүйесіндегі II-III кезеңдерде медициналық оңалту № ҚР ДСМ-116/2020 бұйрығына сәйкес АХЖ-10 кодтары бойынша аурулар тізбесі бойынша жүргізіледі.

65. Медициналық оңалту № 65 бұйрыққа сәйкес ересектер мен балаларға жүргізіледі.

5-бөлім. Патологиялық-анатомиялық диагностика

66. Патологиялық-анатомиялық диагностика пациенттердің хирургиялық операция және (немесе) биопсия жолымен алынған ағзаларындағы (ағза фрагменттеріндегі), тіндері мен жасушаларындағы (операциялық-биопсиялық материалындағы), сондай-ақ тіндердегі, ағзалардағы және патологиялық-анатомиялық ашып-қарау барысында мәйіт жасушаларындағы өзгерістер жиынтығын талдау арқылы диагноз қою мақсатында жүргізіледі.

67. Диагностикалық немесе емдік манипуляция (операция) кезінде алынған кез келген тін, эндоскопиялық биопсия, пункциялық қалың инелі биопсия, аспирациялық биопсия, трепанобиопсия, инцизиялық биопсия, операциялық биопсия, операциялық материал, қырынды, босанған және жүктілікті жасанды үзген кезде алынған тіндердің өздігінен бөлінген фрагменттері патологиялық-анатомиялық зерттеуге жатады.

68. Биопсиялық және операциялық материалды патологиялық-анатомиялық зерттеу мерзімдері Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 14 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-259/2020 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21790 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында патологиялық-анатомиялық диагностика көрсетуді ұйымдастыру стандартының 143-тармағында айқындалған.

6-бөлім. Қайтыс болғаннан кейінгі донорды ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіnniң бөлігін) алуға дайындау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіnniң бөлігін) алу, консервациялау, дайындау, сақтау, тасымалдау, ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіnniң бөлігін) донордан реципиентке транспланттау

69. Қайтыс болғаннан кейінгі донорды дайындау, ағзаларды (ағзалардың бөліктерін) және (немесе) тіндерді (тіндердің бөліктері) алу, консервациялау және транспланттау тәртібі мен шарттары № ҚР ДСМ-207/2020 бұйрығына сәйкес МӘМС жүйесінде жүзеге асырылады.

7-бөлім. Дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммунобиологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету

70. МӘМС жүйесінде дәрілік заттармен, медициналық бұйымдармен, мамандандырылған емдік өнімдермен, иммунобиологиялық дәрілік препараттармен қамтамасыз ету:

№ ҚР ДСМ-89 бұйрығына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының дәрілік формулярларына сәйкес стационарлық және стационарды алмастыратын жағдайлардағы мамандандырылған медициналық көмек, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмек көрсету кезінде;

№ ҚР ДСМ-75 бұйрығына сәйкес белгілі бір аурулары бар (жағдайдағы) Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесіне сәйкес амбулаториялық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде жүзеге асырылады.

71. МӘМС жүйесінде амбулаториялық жағдайларда Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын және бас бостандығынан айыру орындарында сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген, ұсталған, қамауға алынған және арнайы мекемелерге орналастырылған, диспансерлік есепте тұрған азаматтарды, қандастарды, босқындарды, шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету оларды жазасын өтеп жатқан жеріндегі медициналық ұйымдарға тіркеу арқылы жүзеге асырылады.

Жаңа туған нәрестелерге ана мен баланың дәрі қобдишаларын беру босандыру ұйымдарынан шығарылған кезде тегін жүзеге асырылады. Ана мен баланың дәрі қобдишаларын беру туралы белгі № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығына сәйкес нысан бойынша жаңа туған нәрестенің даму тарихына енгізіледі.

4-тарау. Медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу және ақы төлеу

72. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмек көрсету жөніндегі денсаулық сақтау субъектілерінен көрсетілетін қызметтерді сатып алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-242/2020 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21744 болып тіркелген) (бұдан әрі – Сатып алу қағидалары) және:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемін жоспарлау;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қызметтер көрсету үшін көрсетілетін қызметтер көлемін және (немесе) қаражат көлемін бөліп және орналастырып, денсаулық сақтау субъектілерін таңдау;

3) қызметтерді сатып алу шартын жасасу;

4) қызметтерді сатып алу шартын орындау кезеңдерінен тұрады.

73. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық қызметтер көлемін жоспарлау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-290/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21844 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

Стационарлық жағдайларда, оның ішінде жоғары технологиялы медициналық көмекті пайдалана отырып мамандандырылған медициналық көмек көрсету үшін көлемді жоспарлау осы Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде тәулік бойғы стационардың шекті көлемдерін ескере отырып жүзеге асырылады.

74. Бағдарламаның медициналық көрсетілетін қызметтерінің тарифтерін әзірлеу және қайта қарау "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21858 болып тіркелген) сәйкес жүзеге асырылады.

75. Денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21831 болып тіркелген) (бұдан әрі – Ақы төлеу қағидалары) сәйкес сапа мен көлем мониторингінің нәтижелері ескеріле отырып жүргізіледі.

76. Қор денсаулық сақтау субъектілерінің қызметтеріне ақы төлеуді әкімшінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша бюджеттік бағдарламаларды (кіші

бағдарламаларды) қаржыландырудың тиісті қаржы жылына арналған жоспарларында көзделген қаражат шегінде көрсетілетін қызметтерді сатып алу шарттары негізінде бюджет қаражаты және (немесе) Қор активтері есебінен, сондай-ақ ТМККК шеңберінде алдыңғы қаржы жылының соңғы айында көрсетілген медициналық қызметтер үшін алдыңғы қаржы жылында ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсетуге шарттар жасасқан өнім берушілерге ағымдағы қаржы жылының бюджет қаражаты есебінен Ақы төлеу қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

